



САЙЛАУ

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

2025 жылғы 14 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14 бабы 9) тармақшасына, 44 бабы 2 тармағына, 113-10 бабына сәйкес сайлау учаскесінің хаттамалары негізінде Чистов ауылдық округінің әкімін сайлау қорытындылары бойынша сайлау комиссиялары сайлау қорытындыларын белгіледі:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізімінде 903 азамат бар, оның 470-і дауыс берді, жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны – 37, «Барлығына қарсы» деген белгісімен – 27. Дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәліктері бойынша дауыс берген жоқ. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс бергендер – 43.

Өр кандидат үшін берілген дауыстар саны:

1. Байбекова М.М. – 331;
2. Мүкеев А.Т. – 38;
3. Шарапова С.Г. – 37.

Чистов ауылдық округінің әкімі болып - Байбекова Марина Махмудовна сайланды. 1978 ж.т., есепші, «Чистовское Агро» ЖШС, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Чистовское ауылында тұрады, «Amanat» партиясы» ҚБ ұсынған.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы.

РУХАНИЯТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯ МАҒЖАН ЕЛІНДЕ



2025 жылдың 31 наурызынан 25 қыркүйекке дейін Қазақстан жазушылар одағы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің және Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қорының қолдауымен «Этника» құндылықтар. Қазақ этнографиясы және Зейнолла Сәнік – 90 жыл» атты республикалық экспедициясы жүзеге асыруда.

Экспедиция Батыс, Оңтүстік және Шығыс Қазақстан өңірлерін қамтыды. Ал 2025 жылғы 10-20 қыркүйек аралығында екінші маршрут бойынша жұмысын жалғастырады: Астана – Ақмола облысы – Солтүстік Қазақстан облысы – Қостанай облысы.

Жоба қазақ халқының рухани және мәдени мұрасын жан-жақты дәріптеуге, тарихи нысандардың жағдайын зерттеуге, этнографиялық және фольклорлық мате-

риалдарды жинауға, сондай-ақ көрнекті этнограф, жазушы және ағартушы Зейнолла Сәніктің есімін ұлықтауға бағытталған. Зейнолла Сәнік - көрнекті жазушы, фольклоршы, баспагер, этнограф аудармашы.

Экспедиция мүшелерінің қатарында Қазақстан Жазушылар одағы (ҚЖО) басқарма төрағасы - Мереке Құлқенов, ҚЖО басқарма төрағасының орынбасары - Қасымхан Бегманов, ҚЖО басқарма төрағасының кеңесшісі - Әміржан Қосанов,

«Казконтент» АҚ басқарма төрағасының орынбасары - Ерболат Қаман, алаштанушы, этнограф, жазушы - Елдос Тоқтарбай, этнограф ғалым - Үзбен Құрманбай, Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қорының Астана қаласындағы өкілі Мирас Мұқаш, видеооператор, мобилограф - Әлібек Икрам бар.

Жалғасы 4-бетте.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Ұйымдастыру комитетінің, аудандық ардагерлер кеңесі мүшелерінің барлық меншік нысанындағы мемлекеттік органдардың өкілдеріне, аудан мен Булаев қаласының кәсіпкерлеріне үндеуі

20 ҚЫРКҮЙЕК КҮНІ - ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ СЕНЫЛІГІ ӨТЕДІ



Құрметті отандастар!

1 қазан - Халықаралық қарттар күні. Қазақстанда қазан айы - қарттарды,

мүгедектігі бар адамдар мен ардагерлерді қолдау айлығы болып жарияланды.

Ауданда 5000-нан астам зейнеткер бар, олардың көпшілігі қартайған және көмек пен назар аударуды қажет етеді. Алда ұзақ және суық қыс тұр, әр қария басылардың, кәсіпкерлердің және бей-жай қарамайтын адамдардың назарын күтеді.

Ұйымдастыру комитеті сенбілікке аға буын өкілдерінің де белсене қатысады деген үмітте, өйткені олар өздерінің еңбектерімен және іс-әрекеттерімен ерқашан жастар үшін үлгі болған.

Тапаң қаражатты қайырымдылық шотына немесе аудандық ардагерлер кеңесіне қолма-қол жіберуге болады. Меншіктің барлық нысандарындағы

ұйымдар мен мекемелерді, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен кәсіпкерлерді біздің жеріміздегі бейбітшілік үшін асыл мақсаттарды орындауда қолдан келгенше көмек көрсетуге шақырамыз.

Аударуға арналған деректемелер: Бенефициар: «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Мағжан Жұмабаев атындағы аудандық филиалы

КБ: 18, ТТК 119
БСН: 070741013351
Бенефициар банкі: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ
ЖСК: KZ 186 010 251 000 041 714
БИК: HSBKZZKX.

Ұйымдастыру комитеті.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ ЧИСТОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ САЙЛАНҒАН ӘКІМІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 45 бабына, 113-11 бабына сәйкес 2025 жылғы 16 қыркүйектегі шешімімен 2025 жылғы 14 қыркүйекте сайланған әкімді тіркеді:

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округінің әкімі - Байбекова Марина Махмудовна, 1978 жылы туған, сайланғанға дейін «Чистовское Агро» ЖШС-ның есепшісі болып жұмыс істеген, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы, Чистовское ауылында тұрады.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы.



ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ – БАСТЫ НАЗАРДА

16 қыркүйек күні аудан әкімі Рахат Смағұлов аппараттық кеңес өткізіп, оған мемлекеттік және аумақтық органдардың басшылары, Булаев қаласы мен ауылдық округтердің әкімдері қатысты.

Рахат Назымбекұлы жиналысты аша отырып, 14 қыркүйекте өткен Чистов ауылдық округі әкімі сайлауының қорытындысына тоқталды.

Құрметті Марина Махмудовна! Аудан активінің атынан сізді Чистов ауылдық округінің әкімі болып сайлануыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгінгі күні ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыру, өмір сүру сапасын жақсарту бағытында маңызды мәселелерді шешу – баршамыздың ортақ міндетіміз. Осы орайда, Сізге үлкен сенім артылып отыр.

Алдағы жұмысыңызда бірлескен және жүйелі әрекет арқылы ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосатынығызға сенім білдіремін. Жаңа қызметіңізде толағай табыстар, жауапты істе сәттілік және қойылған міндеттерді нәтижелі орындауды тілейміз, – деді аудан әкімі.

Содан соң, аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Юрий Портнягин жаңадан сайланған Чистов ауылдық округінің әкімі Марина Байбековаға күнелік табыс етті.

Аппараттық кеңес одан әрі күн тәртібіндегі мәселелермен жалғасты.

Алғашқы болып сөз алған экономика және қаржы бөлімінің басшысы Азамат Қыраубаев 2025 жылдың қаңтар-тамыз айларындағы әлеуметтік-экономикалық дамудың қорытындылары туралы баяндама жасады.

Оның айтуынша, аудан бойынша 2025 жылдың 8 айында әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің оң өсу сәріні байқалады.

Қаңтар-тамыздың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы 105,7% нақты көлем индексінің өсуімен 13 229,6 млн. теңгені құрады (2024 жылғы қаңтар-тамызда көлемі 13,3 млрд.теңгені құрады, НКІ - 91,7%).

2025 жылдың 8 айында өнеркәсіп өнімі 4 235,2 млн. теңгеге өндірілді, нақты көлем индексі - 105,7% (2024 жылғы қаңтар-тамыз 3 921,7 млн. теңге, НКІ - 98,3%).

Тұрғын үйді пайдалануға беру – 7 478 ш.м. (100,6%) құрады. Белшек саудада 3 914,0 млн. теңгеге тауарлар сатылды, НКІ-102,5%.

2025 жылдың 8 айында ауданға 13 844 млн. теңге инвестиция тартылды (2024 жылғы қаңтар-тамызда 10 007,9 млн. теңге), оның ішінде жеке 10 337,7 млн. теңге 165,2% (2024 жылғы қаңтар-тамызда 5 934,3 млн. теңге).

Аудан бойынша орташа айлық жалақы 2025 жылғы қаңтар-маусым 300 432 теңге, НКІ - 102,7% (облыс

аудандары арасында 4 орын), – деді Азамат Жаңбырбайұлы.

Келесі мәселе - жылыту маусымына дайындық туралы бірнеше баяндаушы ақпарат ұсынды.

Ауданда барлығы 61 қазандық бар, оның ішінде 1 орталық, 7 жергілікті, 53 дербес. Білім беру объектілері бойынша барлығы 45 мекеме: 39 мектеп, 2 балабақша және 4 қосымша білім беру ұйымы.

Бұрын «Сапранат» ЖШС сенімгерлік басқаруында болған 10 мектепті дербес жылытуға көшуге байланысты білім беру бөліміне қазандықтарды сатып алуға және орнатуға 155,5 млн. теңге бөлінді, жеткізуші «VZBOILERS» ЖШС, қазандықтар орнатылды, жылыту жүйесі жылыту маусымына дайын.

Ағымдағы жылы білім бөлімі 35 нысандағы дербес жылытады, бұл 31 мектеп, 2 мектепте пешпен жылыту, қосымша білім беру орталығы, Балапан балабақшасы (электрмен жылытылады), Бөбек балабақшасы және психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті.

«Сапранат» ЖШС-де сенімгерлік басқаруда 8 ұйым бар, сондай-ақ 8 объект «Агро Профи» ЖШС-нің сенімгерлік басқаруында.

Аудандағы денсаулық сақтау объектілері бойынша 39 медициналық пункт, 2 ФАП, 4 дерігерлік амбулатория дербес қызмет көрсетеді, аудандық аурухана, емхана және инфекциялық бөлімше бойынша «Агро-Профи» ЖШС-мен шарт жасасты.

Мәдениет объектілері бойынша ауданда 65 мекеме бар, оның ішінде 38 кітапхана (32-сі мәдениет үйлерінің, мектептердің, ЖШС кеңселерінің, ФАП-гемараттарының), 25 клубтық мекеме және 2 мұражай. Аудандық мәдениет үйі мен Советское ауылындағы мәдениет үйі «Сапранат» ЖШС-нің сенімгерлік басқаруында.

НПС-кентінің орталық қазандығына оператор – «Булаев Су» ЖШС қызмет көрсетеді. Тариф 1 м2 үшін айына 413 теңгені құрайды. 2024 жылы «Қостанай қазандық зауыты» ЖШС өндіретін жаңа блоктық-модульдік қазандық сатып алынып, орнатылды. Жылыту маусымына дайындық аясында ұзындығы 2,2 км жылу трассасына күрделі жөндеу жүргізілуде. Бұл мақсаттарға 50 млн. теңге бөлінді. Жеткізуші «Интергал-Север» ЖШС. Монтаждау жұмыстары 90% аяқталды. Көмірдің қажеттілігі 600 тоннаны құрайды.

Білім беру объектілері бойынша дайындық паспорттарын 44 нысанның 44-і тапсырған. Денсаулық сақтау объектілері бойынша 48 нысанның барлығы алдағы жылыту маусымына дайын. Мәдениет объектілері бойынша дайындық па-

спорттарын 11 нысанның 8 нысаны ғана тапсырған немесе алдағы жылыту маусымына 73% дайын, – деді Асхат Жаңбырбайұлы.

Сондай-ақ кеңесте білім бөлімінің басшысы Талғат Қарабаев, аудандық аурухананың директоры Гүлбану Сағындықова, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының м.а. Гүлжан Жансүгірова, Булаев қаласының әкімі Азамат Бірімжанов қосымша мәліметтер ұсынып, көмір қажеттілігі мен оны жеткізу және атқарылған жұмыстар жайында баяндама жасады.

Сондай-ақ жылыту маусымының өту кезеңіндегі өрт қауіпсіздігінің жай-күйі туралы төтенше жағдай бөлімі басшысының м.а. Қуатбек Қалықов сөз алып, өрттің негізгі себептері - пешті жылытуды орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу болып табылатынын айтты.

Ағымдағы жылдың 15 тамызы мен 15 қыркүйек аралығында Солтүстік Қазақстан облысының аумағында өрт қауіпсіздігі айлығы жарияланды. Осыған байланысты ТЖ бөлімі ЖАО, ПБ, өріктермен бірлесіп кең ауқымды профилактикалық жұмыс ұйымдастырылды. Профилактикалық жұмыстың негізгі екіліні халықтың әлеуметтік осал топтарына бағытталды.

447 үйді тексеру нәтижелері бойынша визуалды тексеру актілері жасалды. Тексеру барысында 85 үйді өрт қауіпсіздігі ережелерін 152 бұзушылығы анықталды, оның 87-сі автономды жылыту жүйелерін, ал 60-ы электр желілері мен электр жабдықтарын пайдаланумен байланысты.

Бүгінгі таңда 323 тұрғын үйде көміртегі тотығы мен түтін сезбелері орнатылған. 100% қамтуға қол жеткізу үшін қосымша 149 сезбек орнату қажет, – деді Қуатбек Жұмабекұлы.

Аудан әкімі барлық мүдделі мекемелердің басшыларына және ауылдық округ әкімдеріне жылыту маусымын, әлеуметтік маңызы бар объектілерді отынмен және көмірмен қамтамасыз ету мәселелерін қатаң бақылауға алуды тапсырды.

Төртінші мәселе - елді мекендерді абаттандыру атқарылған жұмыстардың қорытындылары бойынша Мағжан ауылдық округінің әкімі Баян Ботабекова, Молодогвардейское ауылдық округінің әкімі Жаслан Жағыпаров, Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі Жаслан Қасенов, Успенка ауылдық округінің әкімі Сарагул Бейсебаева, Полудин ауылдық округінің әкімі Мәдениет Қалиев баяндама жасады.

Кеңес қорытындысы бойынша аудан әкімі тиісті орган басшыларына нақты тапсырмалар жүктеп, олардың орындалуын бақылауға алуды тапсырды.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫН АЙҚЫНДАҒАН ҚҰЖАТ



Мемлекет басшысының биылғы Жолдауы негізінен цифрлық трансформация мен жасанды интеллект тақырыбына арналды. Бұл құжат тек стратегиялық жоспар ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның жаңа ұлттық идеясы ретінде қарастыруға болады деп есептеймін.

Кейбір негізгі мәселелер мен талаптар Президент Жолдауда еліміздің алдына келесі нақты міндеттерді қойды:

1. **Қазақстан – цифрлық ел**
Алдағы уақытта Қазақстан толыққанды жаппай цифрлық мемлекетке айналуы тиіс. Бұл – ел дамуының жаңа кезеңі.

Цифрландыру – тек экономика емес, ол жаңа өмір салты, еңбек пен білім беру мәдениеті. Гаджеттермен өскен жастар өз мүмкіндігін Қазақстанда іске асыруы тиіс. Сондықтан бұл міндет – халқымыздың келешек әл-ауқаты мен бақытымен тікелей байланысты.

2. **Жасанды интеллектті енгізу**
Жасанды интеллект технологияларын қолдану мектеп қабырғасынан басталуы қажет. Осы салада арнайы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылmaq. Бұл – Орталық Азия үшін бұрын-соңды болмаған қадам, себебі көршілес елдерде мұндай арнайы орган жоқ.

3. **Қаржы жүйесін жаңғырту және қарызсыз қоғамға бет бұру**

Президент банк саласын реформалауға ерекше назар аударды.

Депутаттар үнемі айтып жүрген Банктер туралы заң 2025 жылдың соңына дейін қабылданатынына сенім білдірілді.

Жаңа заң банктердің тек қарапайым азаматтарды қарызға батырумен айналыспай, нақты бизнесті несиеленуге және экономиканы дамытуға бағытталуын көздейді.

Президент халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру маңызды екенін атап өтті. Өткен жылы 850 мың адамды қамтыған «Қарызсыз қоғам» жобасын қолдап, бұл бастаманың мақсаты – тек қарызды азайту емес, тұрақты табыс табуға қол ашу екенін атап өтті.

4. **ALATAU CITY – алғашқы smart қала**
Қазақстанда алғаш рет толық цифрландырылған «ALATAU CITY» қаласы салынады.

Қалаға арнайы мәртебе беріліп, Smart City, криптовалюта және цифрлық сервистер толық енгізіледі. ALATAU CITY – Қазақстанның болашаққа қадам басқанын көрсететін үлкен мүмкіндік.

ALATAU CITY – өңірдегі алғашқы толық цифрлық қала болады. Бұл – Қазақстан үшін үлкен мүмкіндік өрі әлемге өзіміздің озық қалалық шешімдерімізді ұсынуға қол.

5. **Жастарға қатысты саясат**
Жолдауда жастардың рөлі мен болашағына ерекше назар аударылды.

Президент жас ұрпақтың заманауи технологияларды еркін меңгеруі – елдің бәсекеге қабілеттілігінің негізі екенін атап өтті.

Президент жас қазақстандықтарды белсенді болуға, елдің дамуына жауапкершілікпен қарауға шақырды.

Білім, еңбек және цифрлық салада жастарға жаңа мүмкіндіктер ашылды.

Бұл бастамалар еліміздің келешегін қалыптастыратын буын – жастардың әлеуетін толық ашуға бағытталған.

Президенттің бұл Жолдауы – ел дамуының жаңа бағытын айқындаған, мазмұны терең және ауқымды құжат. Цифрлық трансформация мен жасанды интеллектті дамыту, қаржы және құрылыс салаларын реформалау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен су ресурстарын басқару – Қазақстанның болашағын айқындайтын негізгі бағыттар ретінде белгіленді.

Жастар – осы өзгерістердің басты қозғаушы күші. Олардың білімді, белсенді және заманауи технологияларға бейім болуы – елдің дамуының кепілі.

Айзада РАХМЕТОВА,
аудандық маслихаттың төрағасы.

САУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ҰЛТТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫНЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ БАСТАЛАДЫ

2025 жылғы 20 қыркүйектен 20 қазанға дейін Солтүстік Қазақстан облысында ауыл шаруашылығы санағының екінші кезеңі өтеді. Осы кезеңде интервьюерлер үй шаруашылықтарын жеке аралау-дүже асыратын болады.

Сауалнама алдын-ала дайындалған электрондық сауалнама орнатылған планшеттерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Цифрлық технологияларды қолдану

ақпарат жинаудың сапасы мен жеделдігін арттыруға мүмкіндік береді. Сауалнамаға мынадай сұрақтар енгізілді: жер көлемі, өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері, малды ұстайтын мал немесе құс басы бар ма, оларды жайылымға шығарады ма, жарамды Ауыл шаруашылығы техникасы бар ма және т.б. сұрақтар тізбесі құжаттық растаусыз тек респонденттің сөзінен ғана тоқтырылады.

Ұлттық статистика бюросы алынған деректердің анонимділігіне және оларды қатаң статистикалық мақсатта пайдалануға кепілдік береді.

Сандар респонденттің бастапқы деректерін ашпай-ақ жиынтық түрде өңделеді және жарияланады. Деректер салық немесе басқа мемлекеттік органдарға берілмейді.

Санақ жүргізу үшін облыста 163 адам санақ персоналын тарту жоспарлануда. Олардың қатарына жұмыссыз азаматтар, сондай-ақ облыстың барлық тілек білдірген тұрғындары кіреді. Учаскелерге шықпас бұрын әр сұхбат беруші арнайы дайындықтан өтеді.

Сұхбат берушілер мен нұсқаушылар ретінде санаққа қатысқысы келетіндердің барлығы біздің 1446 байланыс орталығына сайтта өтініш қалдыра алады: sanaq.gov.kz. 8 (7152) 36-11-29 нөміріне қоңырау шалыңыз немесе аудандық статистика басқармасына хабарласыңыз.

Үшінші тұлғалардың алаяқтық әрекеттерін болдырмау үшін интервьюерлер үшін жабдықтар қарастырылған: қалпақ, көкірекше, планшетке арналған портфель, барлығына санақ логотипі, нөмірі бар бейдж-куәлік, интервьюердің фотосуреті, статистика департаментінің мөрі және QR коды бар, ол бойынша осы интервьюер бойынша ақпарат алуға болады.

2025 жылғы ұлттық ауыл шаруашылығы санағы - бұл стратегиялық маңызды іс-шара, облыстың барлық тұрғындарын өздерінің азаматтық ұстанымдарын көрсетуге және белсенді қатысуға шақырамыз.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

ОРАҚ - 2025

ОРАҚ НАУҚАНЫ ОРТАСЫНА ЖЕТТІ



Шаруаның жайын егінге орақ түскенде білеміз. Биылғы жыл міндет – былтырыдан да артық өнім алу. Биылғы жыл дақаныларға қолайлы болды деп айту қиын, өйткені жаз жаңбырлы, күннің көзі жеткіліксіз болды. Егістік алқабында қазір алтын дән жайқалып тұрғанымен әлі толық пісіп жетілмеген. Қазір шаруалар орақ науқаны қызу кірісіп жатыр. Себебі жауған жаңбырдың салдарынан алқаптарда ылаал мол.

Ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің 17 қыркүйектегі жағдай бойынша бүгінгі таңда ауданда 174,4 мың га немесе жоспардың 52,8 % астыққа шалғы түскен, оның ішінде: бидай – 119,1 мың га, арпа – 28,6 мың га, сұлы – 1,7 мың га, бұршақ – 6,2 мың га, жасымық – 18,8 мың га шабылды. 162,0 мың га (49,0%) дән бастырылды. 16,9 ц/га өнімділік кезінде бастыру 273,5 мың тоннаны құрады.

Майлы дақылдар 17,3 мың га (28,4%) алаңда шабылып, 1,3 мың га (2,1%) астық бастырылды. 12,3 ц/га өнімділік кезінде бастыру 1,6 мың тоннаны құрады.

«СК Агро 2050» ЖШС, «Алтын астық 2050» ЖШС, «Жетісу жер» ЖШС, «Писаревское Агро» ЖШС, «Станица СК» ЖШС, «Станица» ЖШС сияқты ауыл шаруашылығы құрылымдарында астықтың ең жоғары өнімділігі тіркеліп отыр.

Сондай-ақ бүгінгі күні десикация 30,2 мың га алаңда жүргізіліп, 45,8 мың га жер жыртылды.

Жалпы орақ науқанына барлық шаруашылықтар 100 пайыз дайындалып, жанар-жағармаймен толық қамтамасыз етілген болатын.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

2025

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ

**20 қыркүйек
20 қазан
офлайн кезең**

Егер сізде бау-бақша болса немесе мал ұстасаңыз және sanaq.gov.kz сайтында онлайн сауалнамадан өтпесеңіз, сізге интервьюер барады

sanaq.gov.kz
Барлық сұрақ бойынша: 1446

ТОТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БОЛМІ ЕСКЕРТЕДІ

ТҮРҒЫН ҮЙ СЕКТОРЫНДАҒЫ ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛДЫ



Қыстың қамын жазда ойлағандар жер қаға, күн жылыда отын-суларын қамдап, от жағатын пештерінің арналарын, мұржаларын тазалап, жылыту маусымына сақадай-сай отырады. Бұл әсіресе жеке тұрғын үй секторларында тұратын тұрғындар үшін аса жауапты кезең.

Суық ауа райының басталуымен тұрғындар пештерді жылытуға кіріседі, көбінесе, мұржаларды, түтін құбырларын күйеден тазартпай, су жылытатын кеңейту цистернасының оқшаулауының сенімділігін тексермей (егер ол жылытылмайтын белмеде болса) жатады.

Сол себепті, тұрғын үйлерде пештің дұрыс жұмыс істеуінен өрт шығу жағдайлары жиі кездеседі.

Шатырлардағы түтін түтіктері мен түтін құбырлары үнемі тексерілмей қалып қояды. Сондықтан шатырдағы түтін мұржасын мұқият қарап, етексеріп, қажет болса, әк ерітіндісімен, жарықтарсыз ақтау керек.

Жылыту пешін тек жағуға жарамды кезде ғана пайдалануға рұқсат етіледі, бұл:

- жарықтар мен күйіктердің болмауы;
- жану есігі мықтап жабылуы;
- жану есігінің алдында 50х70 см өлшемді металл қаңылтыр бекітілген болуы қажет.

Қатты отынмен жұмыс істейтін пешті тұтандыру үшін жанғыш сұйықтықтарды пайдалануға, отын, киім-кешек және т.б. кептіруге, пештің жанында жанғыш материалдарды сақтауға немесе жанып тұрған пешті қараусыз қалдыруға тыйым салынады.

Мағжан Жұмабаев ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері мұндай заң бұзу-

шылықтарды анықтап, оларды жоюды талап етеді.

Сіздерден өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауларыңызды сұраймыз!

Өрт, өрт қауіпсіздігі ережелеріне немқұрайлылық пен салғырттықты кешірмейді.

Төтенше жағдай орын алған уақытта, 101 немесе 112 телефондары арқылы қоңырау шалуларыңызды сұраймыз.



ЕГІСТІК АЛҚАПТАРЫНДА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ МАҒЫЗДЫ

Қазіргі уақытта Мағжан Жұмабаев ауданы аумағында дәнді дақылдарды жинау жұмыстары жүріп жатыр. Жұмыс жүргізу кезінде ыстық, құрғақ ауа райы, ауыл шаруашылық техникалары, жанар-жағармай материалдары өрт қауіпті жағдай туғызады. Дала жағдайында отпен абайсыз болу немесе ауыл шаруашылығы техникасының өртке қарсы жағдайы бойынша талаптардың бузылуы егін жинау кезіндегі өрттердің негізгі себептері болып табылады.

Өртті болдырмау үшін астық жинау науқанында өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау қажет. Астық жинау басталғанға дейін оған тартылған барлық адамдар, шаруашылық басшысында болуы тиіс арнайы журналға қол қойғызып, өртке қарсы нұсқаулықтан өтуі тиіс.

Жинау агрегаттары алғашқы өрт сөндіру құралдарымен (комбайндар-екі өрт сөндіргішпен, екі дана күрекпен және екі сыпырғышпен), тракторлар - бір өрт сөндіргішпен, бір дана күрекпен, бір сыпырғышпен) жабдықталуы тиіс.

Жинауға тартылған барлық ауыл шаруашылық техникасы жарамды ұшқын сөндіргішпен жабдықталып, қоректендірілді, оталуды, майлаудың реттелген жүйесі болуы тиіс.

Ұшқын өшіргіш - істен шыққан газдарды сөндіргіштен шығарда ұшқынның сөндіргіштен ұшып шығуын болдырмайтын ұсақ тесіктері бар тормен орнату болып табылады.

Ашық отты пайдалануға немесе дала жағдайында дөңкерлеу жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.

Жинау науқаны кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жауапкершілігі тікелей шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшысына жүктеледі.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯ МАҒЖАН ЕЛІНДЕ

**Жалғасы, басы 1-бетте.**

Жазушы Зейнолла Сәніктің мол мұрасын кеңінен насихаттау үшін жолға шыққан мәдениеттанушы ғалымдар, этнографтармен және қаламгерлерден құралған экспедицияның басты мақсаты - жергілікті ақын-жазушылармен, музей қызметкерлері мен өлкетанушылармен кездесу, жаңа этнографиялық және әдеби материалдарды жинау және жариялау, деректі фильм түсіру, фотоальбом және зерттеу жинақтарын шығару, конференциялар өткізу және Атырауда этнография дерісханасын ашу.

Республикалық экспедиция қыркүйек айының 15-ші жұлдызында киелі Мағжан еліне де ат басын бұрып, оларды Қазақстанның құрметті журналисі, облысымыздың құрметті азаматы, жаңадан ашылған «Мағжан орталығының» директоры Жарасбай Сүлейменов пен ҚР Мәдениет қайраткері, Н. Погодин атындағы орыс драма театрының директоры Спартак Рамазанов бастап келді.

Өз кезегінде еліміз үшін аса маңызды жоба мүшелерін аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов, аудандық тарихи-өлкетану музейінің директоры Серік Жұмағұлов, Мағжан ауылдық округінің әкімі Баян Ботабекова, Сарытомар орта мектебінің директоры Арман Есентеміров, «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» ҚБ СҚО Мағжан Жұмабаев аудандық филиалының төрағасы Еркебұлан Елубаев құшақ жая қарсы алып, аудан аумағындағы киелі жерлер жайлы сыр шертті.

Алдымен зиялы қауым әйгілі Жұмабаевтар әулетінің ата қонысы саналатын Сасықкөлдің жағасына барып, жаңартылған құлпытаста болды. Құрметті меймандар Меккеге екі рет қажылыққа барған Жұмабай қажы мен оның репрессия құрбаны болған асыл ұрпақтарына тағзым етті. Өйткені осы маңда болыс әулетінің ескі зираты болған деседі. Көнекөз қариялардың айтуынша, тың игеру кезінде кеңес үкіметі оның бәрін жермен жексен қылған екен. Бірақ ақиық ақын туған жерге келген кез келген адам

олардың аруағына Құран аяттарын бағыштауды дәстүрге айналдырған.

Мағжан Жұмабаев музейінің директоры Айгүл Жүніспаева ат терлетіп келген аса құрметті тұлғаларға Жұмабаевтар жанұясының тарихы, киелі мекені, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған ағайын-туыстары және бүгінгі күнге дейін таралған ұрпақтары және ақынның мол мұрасы жайлы құнды мағлұматтар ұсынды.

Сапар барысында өңірлердегі тарихи орындардың қазіргі жағдайымен де тереңірек танысу жоспарлаған экспедиция мүшелері Бекен болыстың ағаштан салған үйінің орнын, Мағжанның «Туған жер» өлеңі жазылған құлпытасы, өлеңге қосқан «Сасықкөлді» аралап, суретке түсіріп, бейнежазба жасады.

Содан кейін экспедиция Сарытомар ауылында орналасқан Мағжан Жұмабаевтың музейіне аттанды.

Айгүл Теңдікқызы ақынның шығармашылығы мен қиын тағдыры туралы көптеген тың, қызықты деректерді айтты.

Ұзақ жылдар бойы Мағжан Жұмабаевтың есімі аталмады, жарты ғасырдан астам ақиық ақынның өлеңдеріне тыйым салынды, шығармашылығы зерттелмей келді. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдары ғана Мағжан шығармашылығы кеңінен таныла бастады, - деді музей директоры.

Экскурсия барысында этнографтар қауымына Алаш қайраткері жайлы Қазақстан мен Ресейдің түрлі мұрағаттарынан алынған тарихи мәліметтерді келтірді. Сондай-ақ зерттеушілер назарына Мағжан Жұмабаевтың құжаттарын, фотосуреттерін, жеке заттарын, ол туралы кітаптар, журналдар мен мақалаларды паш етті.

Өз кезегінде қаламы қарымды қаламгерлер Мағжанның ұлтына сіңірген еңбегі, артында қалған мұрасының құндылығы, олардың бүгінгі ұрпаққа пайдасы мен маңызы туралы ойларын ортаға салды.

Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері алғаш рет кітап болып 1912 жылы Қа-зан қаласында «Шолпан» деген атпен басылып шықты. Қазақстанда тұңғыш рет

1922 жылы Қызылордада жарық көрді. Сол кездегі Түркістан өлкесі басшыларының бірі болған Сұлтанбек Қожанов осы басылымның таралымы аз болғандығын ескере отырып, 1923 жылы Ташкент қаласында қайта бастырды. Сұлтанбектің кітапқа жазған алғысөзінде мынадай жолдар бар: «Мағжан Жұмабайұлының өлеңдері қазақ әдебиетінде үлкен орын алған деп санап, басып отырмыз. Әдебиет жаңа аяқтанып, әдебиет тілі енді жасалып келе жатқан жұртта Мағжандай ақынның қызметі зор екені анық».

Кездесу соңында экспедиция мүшелері музейдің Құрметті қонақтар кітабына қолтаңбаларын қалдырып, ізгі тілектерін жазып кетті.

Көрнекті ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қасымхан Бегманов музейге этнограф-ғалым, жазушы Зейнолла Сәніктің «Қазақ этнографиясы» атты құнды еңбегін ресми түрде тарту етті. Бұл кітап - қазақ халқының салт-дәстүрі, өдет-ғұрыптары мен этнографиялық болмысын ғылыми тұрғыдан зерделеген бағалы еңбек ретінде музей қорына қосылған құнды сыйлық болды.

Экспедиция өкілдері бұл күні Булаев қаласында орналасқан мемлекеттік тілде білім беретін жалғыз білім ордасы - Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепке бас сұғып, ұстаздар қауымымен және оқушылармен кездесу өткізді.

ҚЖО басқарма төрағасының орынбасары - Қасымхан Бегмановтың айтуынша, экспедицияға белгілі этнографтар, мәдениеттанушылар, жазушылар, университет оқытушылары, мұғалімдер, студенттер мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін қатыстыру аса маңызды екенін айтты.

Біздің сапарымыздың мақсаты - облыс орталықтарындағы, аудандарда тұратын ақын-жазушылармен, өлкетанушы мамандармен, халық ауыз әдебиетін жинаушы көнекөз қариялармен, шөжірешілермен жүздесіп, әр аймақтағы ұлттық құндылықтардың сақталуын зерделеу. Экспедиция нәтижесінде әр өңірге арнап фотоальбом, этнографияға

арналған кітаптар шығару, осының бәрі ұлтты тұтастандыруға, этнографиялық мұрамызды түгендеп, рухани қазынамызды бағалауға жұмылдыратын оң қадам, тың бастама, - деді «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері Қасымхан Бегманов.

Кездесуде алаштанушы, этнограф, жазушы - Елдос Тоқтарбай, этнограф ғалым - Үзбен Құрманбай кезек-кезек сөз алып, Алаш қайраткерлерінің есімдерін ардақтап, еңбектерін ұлықтау - ұлт парызы екенін тілге тиек етті. Сонымен қатар, құрметті қонақтар этнографиялық және фольклорлық материалдарды жинау, көрнекті этнограф, жазушы және ағартушы Зейнолла Сәніктің есімін ұлықтау - барша қазақтың міндеті екенін айтты.

Басқосуда көрнекті ақын - Қасымхан Бегманов өзі жазған өлеңдерін оқыса, ақын-жазушылармен кездесуден ерекше әсер алған мектеп оқушылары Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» және «Қазақ тілі» өлеңдерін мәнерлеп жеткізді. Бұл - білім алушылардың рухани-шығармашылық өлеуетін дамытуға бағытталған маңызды іс-шара болды. Қазақстан Жазушылар Одағының өкілдері Мағжан сенген жастардың өнеріне риза болып, алғыстарын білдіріп, ақын есімімен аталатын білім ошағына да этнограф-ғалым, жазушы Зейнолла Сәніктің «Қазақ этнографиясы» атты кітабын сыйға тартты.

Жиын соңында экспедиция мүшелері мұндай жобалар ескеңең ұрпақтың рухани байлығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға негіз екенін айтып тарқасты. Ендеше, қазақ халқының рухани және мәдени мұрасын насихаттауға үлес қосамын, ата-балаларымыздың этнографиялық және фольклорлық материалдарымен бөлісемін деген жандарға редакция есігі әрқашан ашық.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

Суретте: Мағжан Жұмабаев музейінен көріністер; Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп ұжымымен және оқушыларымен кездесу.



12 қыркүйек күні Отбасы күні қарсаңында «Батыр Баян» спорт кешенінде жарқын әрі әсерлі отбасылық спорттық сайыстар болып өтті.

Іс-шара Мағжан Жұмабаев ауданының Мәдениет үйі, дене шынықтыру және спорт бөлімі мен жастар ресурстық орталығының бірлесуімен ұйымдастырылып, отбасылық құндылықтарды, салауатты өмір салтын және белсенді демалысты насихаттаудың жарқын үлгісіне айналды. Сайысқа бірлік пен ынтымағы жарасқан 10 отбасылық команда қатысып, өздерінің ұйымшылдығын, шапшаңдығын және тамаша көңіл-күйін көрсете білді.

Жарыстар күш-жігердің, күлкі мен достықтың нағыз мерекесіне айналып, барша қатысушылар мен көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Қатысушылар қызықты эстафеталар мен спорттық ойындарға қатысып, мықты екендіктерін дәлелдеуге тырысты. Ал аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары әннен шашу шашып, Ақмарал Түрсынбаева жетекшілігі ететін «Ханшайым» би тобы өз өнерлерін ортаға салды. Осындай достық атмосферасында өткен шараға куә болған көрермендер де жағымды оң әсер алды.

Бұл күн шын мәнінде «Мықты отбасы – мықты мемлекет!» екендігінің жарқын дәлелі болды. Жарыс соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубоктармен, медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталса, қалған командаларға қатысқаны үшін сертификаттар табыс етілді.

МЕРЕКЕ КҮНІ ОТБАСЫЛАР САЙЫСҚА ТҮСТІ



С ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Күні кеше аудандық орталық кітапханада «Тіла тағдыры – ел тағдыры» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылып, оған Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің директоры Ербол Жекенов, «Мағзат» этно-мәдени бірлестігінің жетекшісі Мейрам Рысбаев, аудандық кітапхананың директоры Сауғатбек Төкенов, кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Әзілжан Әліжанов, Мағжан Жұмабаев орта мектебінің қазақ тілі мен өрнегінің пәнін оқытатын мұғалімі Марал Қантұбаева, «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» ҚБ БҚО Мағжан Жұмабаев аудандық филиалының төрағасы Еркебұлан Елубаев және Тұлаев қаласындағы көптеп дайындық және бизнес көрсету колледжінің ұстаздары мен студенттері қатысты.



«ТІЛА ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ»

Іс-шараны ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Ботагөз Зайнуллина ашып, жүргізіп отырды.

- Біздің қазақ халқының тілі – өте бай, айтылуға орамды, көркем тіл. Тіл – адамның барлық саналы өмірінің құралы. Өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды адам тіл арқылы үйренеді. Тіл оның ішінде, біздің ана тіліміз еліміздегі халықтардың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру – әрбіріміздің борышымыз, - деді Ботагөз Тауыпқызы.

Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Ана тілін жақсы білу – өркімнің қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. Еліміздің тәуелсіз мемлекет болып, егемендік алуы тілі мен психологиясына, оның өз мәнінде дамуына мүмкіндік берді. Бүгінгі күні мемлекеттік тілді қоғам өмірінің барлық саласына тереңдете енгізу мәселесі үлкен маңыз алып отыр. Соңғы кезде мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге, оның өркен жайып дамуына ықпал ететін басты басты қадамдар жасалуда.

Тіл туралы заңның қабылданғаны, оның баптарының жүзеге асырылуының бағдарламаларының жасақталғаны. Мемлекет басшысының тіл саясатында дұрыс бағыт ұстап, қолдау танытып отырғаны көпке мәлім. Аталған әрекеттердің бастауы мектептерде қазақ тілін оқып үйретуді дұрыс жолға қою болып табылатыны сөзсіз.

Осы ретте Ербол Орынбасарұлы мен Марал Жақсыбайқызы сөз өрбітті.

- Мектеп – тіл мен тәрбиенің алтын ордасы. Біз ескелен ұрпаққа тек білім ғана емес, тілге деген сүйіспеншілік, елге деген құрмет, рухани құндылықтарды бойына сіңіру арқылы нағыз отансүйгіш азаматты тәрбиелейміз. Бүгінгі оқушыларымыз үш тілді еркін меңгеріп, әлеммен терезесі тең, саналы тұлға болып өсіп келеді. Бұл – ел болашағының көпірі.

Біздің мектепте де тілдерді оқыту, дамыту және насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Оқушыларымыз қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеріп, бәсекеге қабілетті тұлға болу үшін өз білімдерін шыңдап жатыр. Бұл – біздің болашағымыздың негізі.

Мектебіміздің ұстаздар қауымы білім алушыларды түрлі деңгейдегі байқаулар мен олимпиадаларға қатыстырып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Мәселен, өткен оқу жылында оқушылар қазақ тілі мен орыс тілі пәндерінен республикалық деңгейде 1-ші және 2-ші орындарға ие болды. Сонымен қатар, облыстық байқауда бірнеше жүлдеге ие болды. Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда, - деді ұлағатты ұстаздар.

Жүзден астам этнос өкілдері мекен ететін Қазақстан үшін қазақ тілінің ұлтаралық қатынаста тілі деңгейіне көтерілуі – мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырып, тілді ел тұтастығын берік ете түсетін негізгі күшке айналдырады.

Осы тақырыпты сөз еткен Мейрам Қағашұлы мен Сандұғаш Оразалықызы мемлекеттік тіл – әр ұлт өкілдерін

біріктіретін құрал екенін тілге тиек етті.

Бұл жөнінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен де қымбат» мақаласында: «Бүгін мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты.

Мәселен – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты», - деген болатын.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы толерантты тілдік орта қалыптастырудағы маңызды қоғамдық-саяси,

әлеуметтік құндылықтардың бірі болып саналады. Соның бір көрінісі ретінде бағдарлама негізінде ауданда тіл үйрету орталықтары жұмыс істеуде.

Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен медицина саласындағы, қорғаныс саласындағы, мемлекеттік қызметкерлерге және қала тұрғындары мен ЖҚО-ның қызметкерлеріне қазақ тілін тегін үйрету жұмыстарын жүйелі жүргізіліп отыр. Тіл үйрету үрдісі тыңдаушылардың оқылым, жазылым, айтылым дағдыларын дамыту негізінде жүргізіліп, қала тұрғындары үшін күнделікті өмірге қолданылатын лексикалық тақырыптар мен ауызекі сөйлесім негізін құрайтын сөздік құрам оқытылса, мекеме қызметкерлеріне қызмет саласын ескере отырып, кәсіби негізде қазақ тілі оқытылады.

Өз кезегінде қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту мақсатында «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» ҚБ аудандық филиалы 2022 жылдан бері жүйелі жұмыс жасап, мемлекеттік тілді насихаттауға өз үлесін қосып келеді.

- Біздің ұйымның бастамасымен қатарынан үш жыл бойы аудан аумағында орналасқан елді мекендерде ауыл атауын, кеше атауын өзгерту бойынша еліміздегі ономастикалық өзгерістердің бағыт-бағдарын түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Одан қалды, қоғам мүшелері мектепке баратын балалардың ата-аналарымен кездесіп, балабақшада қазақ топтарын, ал мектептерде қазақ сыныптарын ашу бойынша кездесулер өткізіп тұрады. Қазірдің өзінде бұл жұмыстар өз жемісін беруде.

Аудандық білім бөлімімен бірлесіп, Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясында мемлекеттік тілде оқытылатын мектепалды даярлық тобы, №2 Булаев орта мектебінде және Писаревка орта мектебінде шағын орталықтар ашылды. Әрине, бұл тұста, ата-аналардың бастамасы мен ниеті аса маңызды. Сондықтан орта міндетке жүгінген барша қауымның алған бағыты айқын, - деді Еркебұлан Әліжанұлы.

Сонымен қатар, аудан кәсіпкерлері бизнес субъектілерінің көрнекі ақпаратын мемлекеттік тілде жасауына септігін тигізіп келеді. Бөлім басшысы Әділжан Әсетұлының айтуынша, бұл бағытта Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын түсіндіру бойынша жұмыстар жүргізіліп, кәсіпкерлер заман талабына сай нысан атауын, ас мәзірін, тауар атауларын мемлекеттік тілде жазуды қолға алған.

Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттың тілі, діні, ділі. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда.

Қазіргі таңда көптеген отбасылар балаларын қазақ тілінде оқытатын мектептерге ана тілін жетік меңгеру үшін беріп, оқытып жатқандары қуантарлық жағдай. Әрбір отбасында, осындай тілге деген жанышарлық болса, «тамшыдан тама-тама дария болар» дегендей, тіліміздің жағдайы әлдеқайда жоғары деңгейге көтерілер деген сенімдемін.

МҮГЕДЕКТІК БОЙЫНША МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ ЕРЕЖЕСІ

Негізгі бұйрық: Қазақстан Республикасы Премьер - Министрінің орынбасары-Едбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (бұдан әрі - бұйрық).

Негізгі анықтамалар: Медициналық-әлеуметтік сараптама (МӨС) – мүгедектікті және (немесе) еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілей отырып (белгілемей), дене функцияларының тұрақты бұзылуынан туындаған куәландырылатын адамның тыныс-тіршілігінің шектелуін бағалау, сондай-ақ оның әлеуметтік қорғау шараларына қажеттіліктерін айқындау.

Мүгедектік - дене функцияларының тұрақты бұзылуымен денсаулықтың бұзылуына байланысты адам өмірінің шектелу дәрежесі.

Тіршілік әрекетін шектеу - адамның өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетінше қозғалу, бағдарлау, қарым-қатынас жасау, өзінің мінез-құлқын бақылау, оқу және еңбек қызметімен айналысу қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінара жоғалтуы.

Мақсаты:

1) организм функцияларының тұрақты бұзылулары кезінде алғашқы куәландыру;

2) қайта куәландыру (қайта куәландыру) - кезекті мерзімді ескере отырып.

Медициналық ұйымдар ауруларға, жарақаттардың салдарларына және ақауларға байланысты

тыныс-тіршілігінің шектелуіне әкеп соғатын ағза функцияларының тұрақты бұзылуын растайтын диагностикалық, емдеу және оңалту іс-шараларының кешенін жүргізгеннен кейін уақытша еңбекке жарамсыздық басталған немесе балаларға (бұйрыққа 7-қосымша бойынша) және жұмыс істемейтін адамдарға диагноз қойылған сәттен бастап төрт айдан ерте емес кезеңде анатомиялық ақаулары бар (бұйрыққа 7-1-қосымша бойынша), 21-хромосома бойынша трисомия-сы бар (даун синдромы), дене функцияларының елеулі немесе күрт айқын бұзылулары бар және паллиативтік көмек алатын оңалту әлеуеті жоқ емделмейтін науқастарды МӨС-ке жібереді.

Мүгедектігі бар адамдар мүгедектігі бар ауру бойынша денсаулығы нашарлаған кезде еңбекке уақытша жарамсыздық немесе балалар мен жұмыс істемейтін адамдарға диагноз қойылған күннен бастап екі айдан ерте емес кезеңде МӨС-ке жіберіледі.

Қарапайым сөздермен түсіндірсем, мүгедектік ауруы (барлық аурулар сияқты) және тыныс-тіршілікті шектеудің тиісті дәрежесі болған кезде, медицина пациентті емдеуге тырысады, егер көрсетілген мерзімдерден жоғары өткеннен кейін тыныс-тіршілікті шектеу дәрежесі сақталса және бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес ересек адамға мүгедектіктің кемінде 3 тобы немесе ауру бойынша баланың мүгедектігі көрсетілсе, **жергілікті дәрігерлік-консультациялық ко-**

миссия (ДКК) Сізді МӨС комиссиясына жіберуі КЕРЕК:

- ал анатомиялық ақаулары бар, 21-хромосома бойынша трисомиясы бар (даун синдромы) пациенттер, дене функцияларының елеулі немесе күрт айқын бұзылулары бар және оңалту әлеуеті жоқ емделмейтін науқастар, тексерулердің ең аз міндетті тізбесі және қажетті құжаттама болған кезде паллиативтік көмек алатын ДКК пациентті ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМА БОЙЫНША КҮНБЕ-КҮН, яғни ешқандай мерзім күтпей МӨС-ке жібереді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне Сіздің уәкелсіз дәрігеріңіз немесе тар маманыңыз егер олар МӨС-ке жолдау үшін айғақтар бар деп есептесе, көмек көрсетуге міндетті, яғни тиісті жұмыстың жүргізілгенін растау үшін, ең болмағанда, ұсынымдар ұсынуы және ұсыным беруі немесе қабылдаудан жазбаша бас тартуы немесе кез келген басқа қағаз тасығышта алуы тиіс делінген.

Бірақ пациенттер мен олардың заңды өкілдері үшін сенімді отініш, егер Сізге мүгедектік тобы көрсетілген деп ойласаңыз, онда Сіз:

1) бұйрықты <https://adilet.zan.kz/> Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінің электрондық сайтынан жүктеу арқылы өз бетінше түсінуге тырысу;

2) мүгедектік туралы нақты сұрақпен өзінің емдеуші дәрігеріне жүгінуге;

3) неғұрлым егжей-тегжейлі кеңес алу және тиісті құжатты беру үшін ДКК-ге жүгінуге құқылы.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

- Атзаның жасқа байланысты өзгерістері мүгедектік тобын белгілеу үшін негіз болып табылмайды;

- Жүргізілген консультациялар мен манипуляциялар туралы растайтын медициналық құжаттарды сұраңыз, олар келіспеген жағдайда сіз әрқашан жоғары тұрған сатыда шағымдануға құқығыңыз бар;

- Өзіне сенімді маман шағымдар мен тексерулерден қорықпайды, бірақ науқастың игілігі үшін жұмыс істейді, бірақ адам да қателесуі мүмкін.

Сергей ЮРЧЕНКО,
ДКК төрағасы.



ҚҰТЫРМА АУРУЫ – АСА ҚАУІПТІ ДЕРТ

Қалалар мен ауылдар көшелерінде иесіз иттер күрт көбейіп кетті. Соңғы кездері өте сирек кездесетін иттер тұқымын ұстау сөнге айналып барады. Ондай иттер күнімен пөтерде қамауда тұрғандықтан, олардың мінез-құлқында агрессия болып келеді. Қаңғырма иттер, есіресе, көктем мен күз мезгілінде қауіпті. Осы кезде гармондары көбейіп, қозғалған нәрсенің барлығына күш көрсетуге тырысады.

Қаңғыл жүрген бір топ иттерді көрген жағдайда, мүлдем жүгірмеуге тырысыңыз, жүйе ғана өте шығыңыз. Қашқан жағдайда итте аңшылық рефлексі пайда болып, тістеуден құтылу мүмкін емес болады.

Сондай-ақ, жаңа күштігеген аналық итке де жоламауға тырысыңыз, себебі, аналық инстинкті қозып, тістеп алуы әбден мүмкін. Итте ұруға, қатты айғайлауға, соғуға болмайды. Ешқашан көзіне тіке қарамаңыз. Егер ит қолыңыздан тістеген болса, оны жұлып алуға тырыспаңыз, керісінше әрі қарай итеріңіз. Көп жағдайда олар қолдан, саннан, өкшеден тістейді. Иттердің астыңғы жақ сүйектерінде екі азу тістері болады, сол арқылы зақымды келтіреді.

Тістеген уақытта сіңірлер, жүйке жүйесі, қан тамырлары және сүйек жарақаттанады. Олардың тістегендері адамды тек физикалық жағынан емес, психологиялық жағынан да зақымдайды. Бұл жағдайда ең қауіптісі ол - құтырма ауруы. Кішкене тістеген болса да, медициналық көмекке жүгіну қажет, егер итте құтырма вирусы болатын болса, ол адамға жұғады.

Құтырма 100% өліммен аяқталатын жүйке жүйесін зақымдайтын инфекциялық ауру. Аурудың инкубациялық кезеңі 10-15 күн, одан кейін агрессия мен ашушаңдық пайда болып, тыныс алу жолдары жабылып, өліммен аяқталады.

Құтырманың негізгі белгілері - иттен сілекейдің бөлінуі. Құтырмамен жұқтырғаннан кейін, оны көтеру, адамның иммунитетіне байланысты. Вирус адам денесіне бірнеше сағаттан, бірнеше күнге дейін сақталып, бара-бара жүйке жүйесін зақымдап, орталық жүйке жүйесіне дейін жетеді. Сондықтан да, миға жақын бет, мойын, кеуде тістелсе, ол ең қауіпті болып саналады.

Құтырма вирусын залалсыздау үшін, тістеген жерді кір сабынмен жылы сумен жуу қажет. Жаныңызда дәрі қорынаңыз болса, су ертіндісімен жуып жіберуге болады. Егер қан ақса, оны тоқтатпауға тырысыңыз, керісінше, қанмен бірге құрамында инфекциясы бар сілекей шығады. Содан соң жарақаттың жан-жағына йод жағып, стерильді орауышпен орап тастау керек.

Қажетті медициналық көмек алу үшін медициналық пунктке барған дұрыс. Егер қатты тістелген болып, өздігінен ауруханаға бара алмайтын болсаңыз, жедел жәрдем шақырыңыз.

Медициналық тәжірибеде асқынға жол бермейтін, иммунитетті көтеретін вакцина бар.

Антирабическая вакцина 4 екепден тұрады, 0,5 мл ерлерде иыққа салынады.

Уақытылы антирабический екпе жүргізу арқасында ғана құтырма ауруынан сақтала алатынымызды естен шығармайық.

Арайлым ШҰҢҒЫЛШИНА,
Мағжан Жұмабаев ауданының СЗББ бас маманы.



С ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ШЕКАРАДАН ЗАҢСЫЗ ӨТУШІЛЕРГЕ ЖАЗА КҮШЕЙТІЛДІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі бірнеше заңнамаға өзгерістер енгізгенін хабарлайды:

1) Қазақстан Республикасының 2012 жылдың 12 ақпанындағы 561 «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 26 бабы 2 тармағының 12 тармақшасына 2025 жылдың 30 тамызында өзгертулер (транспорттық құрылымдарды алкогольді және нашарлық жағдайда қолдану фактісі анықталған жағдайда жұмыстан шығарылады) енгізілді.

Сондай-ақ Қылмыс Кодексінің 392 «Шекараны заңсыз кесіп өту» бабына өзгерістер енгізілді:

1. Бірінші бөлігінде бас бостандығынан айыру түріндегі жаза шарасы бір жылдан үш жылға дейін ұлғайды (айыппұл бір мыңнан екі мың айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылды), бес жыл мерзім алынп тасталды.

Әділхан БАУЫРЖАН,
«Батыр Баян» шекара заставасы бастығының орынбасары, лейтенант.

С МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ ЭТИКА - ХАЛЫҚ СЕНІМІНІҢ НЕГІЗІ

Мемлекеттік қызмет – ел мүддесіне қызмет етуді көздейтін ерекше сала. Мемлекеттік аппараттың тиімділігі мен беделі көбіне ондағы қызметкерлердің мәдениеті мен әдебіне байланысты. Сондықтан мемлекеттік қызметшінің бойында кәсібилікпен қатар, жоғары деңгейдегі этика да болуы шарт.

Этика – бұл тек ресми нормалар ғана емес, сонымен бірге халыққа деген құрмет, жауапкершілік пен адалдықтың көрінісі. Қызметкердің әрбір сөзі мен әрекеті қоғам таралынан жіті бақылауда болады. Сондықтан мемлекеттік қызметші өзін мәдениетті ұстап, азаматтарға дұрыс қарым-қатынас көрсетіп, кез келген жағдайда сыпайлық танытуы тиіс.

Халықтың сенімі – көз келген мемлекеттік басты капиталы. Ал бұл сенім мемлекеттік қызметкерлердің мінез-құлқы арқылы қалыптасады. Мемлекеттік қызметшінің әдебі оның өз кәсібіне деген адалдығын білдіреді. Қарапайым мысал ретінде: тұрғындарға уақытылы әрі сапалы қызмет көрсету, мәселені әділ шешу, заңға қайшы әрекеттерден аулақ болу – осының бәрі этиканың нақты көрінісі болып саналады.

Этика талаптарына адал болу – жемқорлықтың алдын алудың ең тиімді жолы. Мемлекеттік қызметші өзінің лауазымын жеке мүдде үшін емес, тек қана қоғам игілігі үшін пайдалануы тиіс. Осы тұрғыда

адалдық, ашықтық және есеп берушілік қағидалары ерекше маңызға ие.

Жемқорлықпен күрес – тек қана құқық қорғау органдарының міндеті емес, әрбір мемлекеттік қызметшінің парызы. Әдеп нормаларын қатаң сақтау, азаматтармен әділ қарым-қатынас жасау және шешім қабылдауда заңдылықты басшылыққа алу – жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі тетіктері болып саналады.

Қазақстанда мемлекеттік қызметшілердің этикалық нормалары арнайы құжаттарда айқындалғанымен, басты талап – адал өңбектеу және ел мүддесін бәрінен жоғары қою. Бұл нормалар қызметтік міндетті орындауда әділдікті, ашықтықты және жауапкершілікті қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметші – халықтың алдында жүрген тұлға. Оның жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері, азаматтармен қарым-қатынасы мемлекеттің беделін арттыруға да, төмендетуге де әсер етеді. Сол себепті этикалық қағидаларды сақтау – әрбір мемлекеттік қызметшінің кәсіби парызы



ғана емес, ел дамуына қосқан үлесі болып табылады.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызметтегі этика – әділ қоғам құрудың, халықтың билікке деген сенімін нығайтудың және мемлекетіміздің ілгері дамуының басты кепілі.

Әсел БАЛТАШ,
Петропавл қаласының әкімшілік құқықбұзушылық жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің басшысы.




Дүйсенбі, 22 қыркүйек	Сейсенбі, 23 қыркүйек	Сәрсенбі, 24 қыркүйек	Бейсенбі, 25 қыркүйек	Жұма, 26 қыркүйек	Сенбі, 27 қыркүйек	Жексенбі, 28 қыркүйек
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ІПЖУ-МАРЖАН». 06.45, 04.25 «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН». 07.00 TANSNOLPAN. 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 01.20 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 12.10, 00.20 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 13.10 АПТА. 13.55 МУДДЕ. 14.10, 21.25 Т/Х «АҚЖАУЫН». 15.10 «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ». 15.20 ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 16.00 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 17.20, 02.50 ТАПҚЫР ОТБАСЫ. 20.30 «ҮНАЙДЫ МАҒАН». 20.35, 03.35 АШЫҚ АЛАҢ. 22.25 Т/Х «ҮНСІЗ ЖҮРЕК». 23.20 «1001 ТҮН». 01.50 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 04.35 «АУЫЛДАСТАР». 05.05 «ТЕЛЕДӨРІГЕР».	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 01.20 АҚПАРАТ. 06.35, 04.25 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 06.45 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 TANSNOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 10.10, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 12.10, 00.20 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 12.10, 00.20 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 13.10, 04.45 ҚОС ПАЛАТА. 13.35, 05.05 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 14.10, 21.25 Т/Х «АҚЖАУЫН». 15.10, 04.35 «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ». 15.20 ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 16.00 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 17.20, 02.50 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ». 20.30 ҮНАЙДЫ МАҒАН. 20.35, 03.35 АШЫҚ АЛАҢ. 22.25 Т/Х «ҮНСІЗ ЖҮРЕК». 23.20 «1001 ТҮН». 01.50 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ».	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 03.00 АҚПАРАТ. 06.35, 23.50 ФУТБОЛ. 07.00 TANSNOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 12.10, 03.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 13.10 «ЖҮЛДІЗДЫ ЖҮЗДЕСУ». 13.35 «ҚАЛАДАҒЫ КЕПТЕЛІС». 14.10, 21.25 Т/Х «АҚЖАУЫН». 15.10 «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ». 15.25 «ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 16.00 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 17.20, 05.10 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ». 20.30 ҮНАЙДЫ МАҒАН. 20.35, 04.20 АШЫҚ АЛАҢ. 22.20 Т/Х «ҮНСІЗ ЖҮРЕК». 23.15 «1001 ТҮН». 02.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ».	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 03.00 АҚПАРАТ. 06.35 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 TANSNOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 12.10, 03.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 13.10 «ЖҮЛДІЗДЫ ЖҮЗДЕСУ». 13.40 «САҚТАНДЫРУ МӨДЕНИЕТІ». 14.10, 21.25 Т/Х «АҚЖАУЫН». 15.10 «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ». 15.20 «ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 16.00 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 17.20, 05.10 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ». 20.30 ҮНАЙДЫ МАҒАН. 20.35, 04.20 АШЫҚ АЛАҢ. 22.20 Т/Х «ҮНСІЗ ЖҮРЕК». 23.15 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 23.50 ФУТБОЛ. 02.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ».	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ФУТБОЛ. 07.00 TANSNOLPAN. 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 01.05 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 12.10, 02.35 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 13.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 14.10, 21.25 Т/Х «АҚЖАУЫН». 15:00 «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» 15:25 «ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 15.50 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 16.50, 00.55 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.20, 04.25 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ». 20.30 ҮНАЙДЫ МАҒАН. 20.35, 03.35 АШЫҚ АЛАҢ. 22.25 Т/Х «ҮНСІЗ ЖҮРЕК». 23.20 1001 ТҮН. 00.20 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 01.35 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 04.55 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 00.15 АҚПАРАТ. 06.30, 16.50, 02.35 «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН». 06.40 ФУТБОЛ. 07.30 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 09.00, 12.00, 13.05, 16.20 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 10.00, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 12.30, 02.45 Д/Ф. 13.25, 03.15 ЖҮЛДІЗДЫ ЖҮЗДЕСУ. 14.00Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 16.00, 01.15 ЗАҢ АЛДЫНДА. 17.20, 00.35 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 00.55 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 20.00 БӨРКЕЛДІ. 21.30 «ҮНАЙДЫ МАҒАН». 21.35«ӘНІМ СЕН ЕДІҢ...». 22.25 Т/Х «ҮНСІЗ ЖҮРЕК». 01.35 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 03.45 «ПИРАМИДАЛАР КҮПІЯСЫ», Д/Ф. 04.30 «АУЫЛДАСТАР».	06.00 ӘНУРАН. 06.05 АҚПАРАТ. 06.25, 02.25 «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН». 06.35 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 08.00 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 09.00 АҚСАУЫТ. 09.20, 02.55 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 12.00 «ЕҢБЕК АДАМЫ - ЕЛ МАҚТАНЫШЫ». 14.00, 02.35 «МАШИНА ЖАСАУ». 14.25, 17.30 Қ. РАХЫМНЫҢ КОНЦЕРТІ. 15.20 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 20.00, 00.35 АПТА. 20.45, 01.20 МҮДДЕ. 20.50 «ҮНАЙДЫ МАҒАН». 20.55 ЗАМАНАДАСТАР. 22.20 Т/Х «ҮНСІЗ ЖҮРЕК». 23.15 «НАРТӨУЕКЕЛ». 01.25 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 03.25 «КАНТТЫҢ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІ», Д/Ф. 04.10 «КҮМІС КОМЕЙ». 04.55 «АУЫЛДАСТАР».

Дүйсенбі, 22 қыркүйек	Сейсенбі, 23 қыркүйек	Сәрсенбі, 24 қыркүйек	Бейсенбі, 25 қыркүйек	Жұма, 26 қыркүйек	Сенбі, 27 қыркүйек	Жексенбі, 28 қыркүйек
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР». 07.00, 08.00, 08.55 ОЯН. 07.50, 18.00 НОВОСТИ. 08.35 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 10.30 М/Ф. 11.00 БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ. 12.00, 20.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 14.30, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.40 ОЗЕКПІ. 15.10 ХАҚЫН БАР. 15.30 АЙТЫС АЙНАСЫ. 16.00, 23.40 Т/Х «МАЖОР- 4». 18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 19.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 22.40 КЕШРЕС. 01.40 /С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.40 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР». 07.00, 08.00, 08.55 ОЯН. 07.50, 18.00 НОВОСТИ. 08.35 PRESIDENT. 10.30 М/Ф. 11.00 БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ. 12.00, 20.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 14.30, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.40 ОЗЕКПІ. 15.10 ӘЛЕУМЕТ. 15.30 ДӨСТҮР. 16.00, 23.40 Т/Х «МАЖОР- 4». 18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 19.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 22.40 КЕШРЕС. 01.40 /С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.40 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР». 07.00, 08.00, 08.55 ОЯН. 07.50, 18.00 НОВОСТИ. 08.35 НЕОСЕТЬ. 10.30 М/Ф. 11.00 БЕГОМ ЗА ДЕНЬГА- МИ. 12.00, 20.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 14.30, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.40 ОЗЕКПІ. 15.10 БЭЗДІН НАЗАРДА. 15.30 ҚОҒАМ АРАС. 16.00 Т/Х «МАЖОР-4». 19.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 22.40 КЕШРЕС. 23.40 Т/Х «ОТПУСК ПО СОБСТВЕННОМУ ЖЕЛАНИЮ». 19.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 22.40 КЕШРЕС. 01.40 /С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.40 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР». 07.00, 08.00, 08.55 ОЯН. 07.50, 18.00 НОВОСТИ. 08.35 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.30 М/Ф. 11.00 БЕГОМ ЗА ДЕНЬГА- МИ. 12.00, 20.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 14.30, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.40 ОЗЕКПІ. 15.10 ОСЕМ ӘНДЕР. 16.00, 23.40 Т/Х «ОТПУСК ПО СОБСТВЕННОМУ ЖЕЛАНИЮ». 18.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 19.00 ЖЕР-ЖАҒАН. 22.40 КЕШРЕС. 01.40 /С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.40 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР». 07.00, 08.00, 08.55 ОЯН. 07.50, 18.00 НОВОСТИ. 08.35 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.30 М/Ф. 11.00 БЕГОМ ЗА ДЕНЬГА- МИ. 12.00, 20.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 14.30, 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.40 ОЗЕКПІ. 15.10 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ. 15.30 Д/Ф. 16.00, 23.40 Т/Х «ОТПУСК ПО СОБСТВЕННОМУ ЖЕЛАНИЮ». 18.30 ҚОҒАМ ШІКІРІ. 22.40 ОЙНАҚ. 01.40 /С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.40 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МАҢДАЙ ТЕР. 06.15 КІМ МЫҚТЫ? 07.30 КОНЦЕРТ. 09.30 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 10.00 М/Ф. 11.20 М/Ф «ЛУНТИК». 12.00 «ЛЮБОВЬ И ПРОЧНЕ НЕПРИЯТНОСТИ», Х/Ф. 13.50 «МНОГОДЕДНЫЙ», Х/Ф. 15.15 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.30 ОЙНАҚ. 17.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 20.00 КОНЦЕРТ. 22.00 7 КҮН. 22.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 23.00 Т/С «ЛЮБОВЬ И ПРОЧНЕ НЕПРИЯТНОСТИ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МАҢДАЙ ТЕР. 06.15 КІМ МЫҚТЫ? 07.30 КОНЦЕРТ. 09.30 Д/Ф. 10.00 М/Ф. 11.30 М/Ф «ЛУНТИК». 12.00 «КОЛОНИЯ», Х/Ф. 14.00 АЗАМАТ. 15.15 «АЖЫРАСАМ», Х/Ф. 16.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6». 18.15 ЖЕКПЕ-ЖЕК АЙТЫС. 19.45 АЛҒАШҚЫ. 20.45 ҚЫЗЫҚ TIMES. 22.00 7 КҮН. 22.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 23.00 Т/С «ЛЮБОВЬ И ПРОЧНЕ НЕПРИЯТНОСТИ». 02.40 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 22 қыркүйек	Сейсенбі, 23 қыркүйек	Сәрсенбі, 24 қыркүйек	Бейсенбі, 25 қыркүйек	Жұма, 26 қыркүйек	Сенбі, 27 қыркүйек	Жексенбі, 28 қыркүйек
ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ
06.00, 02.40 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 «ДОЧЬ ЗА ОТЦА», Х/Ф. 14.10, 02.20 НОВОСТИ. 14.20, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПОДМЕНА». 01.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.45 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 02.40 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.20 НОВОСТИ. 14.20, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ЗА ПЕРВОГО ВСТРЕЧНОГО». 01.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.45 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 02.40 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.20 НОВОСТИ. 14.20, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ЗА ПЕРВОГО ВСТРЕЧНОГО». 01.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.45 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 02.40 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.20 НОВОСТИ. 14.20, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ЗА ПЕРВОГО ВСТРЕЧНОГО». 01.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.45 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 03.15 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 03.00 НОВОСТИ. 14.20, 03.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.15 «ВЫБИРАЯ СУДЬБУ», Х/Ф.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.20, 03.30 П@УТИНА». 09.30 ОАЙМАҚ. 10.05 «Я ИДУ ТЕБЯ ИСКААТ», Х/Ф. 12.25 «ВЫБИРАЯ СУДЬБУ», Х/Ф. 17.40 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ. СЕМЕЙНЫЙ ПОДРЯД», Х/Ф. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.35 «ЗАН МЕН ЕЛ». 20.55 ПЕЧЕНЬЕ С ПРЕДСКАЗАНИЕМ». 01.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.25 П@УТИНА». 08.50 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.00 Т/С «ТАЕЖНЫЙ ДЕТЕКТИВ». 13.00 «ПЕЧЕНЬЕ С ПРЕДСКАЗАНИЕМ», Х/Ф. 17.35 «ЛЮБОВЬ НА ЧЕТЫРЕХ КОЛЕСАХ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 Т/С «КТО Я». 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

- Адам алысқа қараймындап, жақындағысын көрмейді.
- Тәрбиенің еркіндігі - еркіндіктен тәрбиеу.
- Дүние - сарай, адам - керуен.
Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.



КАСІПКЕРЛЕР НАЗАРЫНА!

25 ҚЫРКҮЙЕКТЕ
БІРЫҢҒАЙ ЕСЕП
БЕРУ КҮНІ ӨТЕДІ

Осы жылдың 25 қыркүйегінде сағат 16.00-де Солтүстік Қазақстан облысының бақылау және қадағалау органдарының Бірыңғай есеп беру күні өткізіледі.

Аудан кәсіпкерлерін аталмыш іс-шараға белсене қатысуға шақырамыз.

Бірыңғай есеп беру күні кәсіпкерлік субъектілерімен онлайн-кездесу форматында өтеді. Іс-шара барысында мемлекеттік бақылау және қадағалау нәтижелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу мәселелері қаралады.

Кездесудің мақсаты – бизнес пен мемлекеттің өзара іс-қимылын жақсарту, кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері бойынша бірлескен шешімдер әзірлеу, кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру және мемлекеттік бақылау мен қадағалау саласында міндетті талаптарды бұзушылықтардың жүйелі алдын алу жүйесін дамыту.

Бірыңғай есеп беру күні бейнеконференция режимінде өткізіледі.

Қатысу және қосылу мәселелері бойынша 2-07-63 телефонына хабарласуға болады (Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31).

Мағжан Жұмабаев ауданының кәсіпкерлік бөлімі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

АШЫҚ
ЖИНАЛЫСТАР
НЫСАНЫНДА
ҚОҒАМДЫҚ
ТЫҢДАУЛАР
ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жигер-Эко» ЖШС 24.10.2025 жылы сағат 11:00-де «Жигер-Эко» ЖШС-нің 2026-2035 жылдарға арналған Рұқсат етілген эмиссиялық нормативтер жобасы бойынша, «Жигер-Эко» ЖШС 2026-2035 жылдарға арналған Қалдықтарды басқару бағдарламасы бойынша, «Жигер-Эко» ЖШС-нің 2026-2035 жылдарға арналған арналған Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы бойынша, «Жигер-Эко» ЖШС-нің 2026-2035 жылдарға арналған Қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары бойынша Солтүстік Қазақстан облысы, М. Жұмабаев ауданы, Пролетарка ауылы, 1 көше көшесі, 2 үй (Демалыс орталығы) мекенжайында ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта өтеді (ашық жиналыс және Google Meet платформасында бейнеконференция). Конференцияға <https://meet.google.com/vq-qubcr-som> сілтемесі арқылы қосыла аласыз. Бастамашы – «Жигер-Эко» ЖШС: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Октябрьское ауылы, 5 көше көшесі, 5 үй, тел. 8-777-801-27-27.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші – ЖК Попов В.А.: СҚО, Петропавл қаласы, Ыбырай Алтынсарин атындағы көше, 168Б, 106 кабинет, тел. 8-747-748-19-82.

Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> порталында және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabibat> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Жоспарланған іс-шаралар туралы ақпарат алуға және құжаттардың көшірмесімен танысуға болатын байланыс телефондары: esorproekt1982@mail.ru, 8-747-748-19-82.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары Петропавл қаласы, Парковая көшесі, 57Б, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, тел. 8-7152-53-36-38, dpr@sko.gov.kz.

САЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУ ОПЕРАТОРЫ
ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА РҰҚСАТТЫ
ЕНДІ ELICENSE.KZ АЛУҒА БОЛАДЫ

Техникалық байқау – Қазақстан аумағында тіркелген және жол қозғалысына қатысатын барлық көлік құралдары үшін міндетті талап. Бұл ереже шетелдік автокөліктер мен тіркемелерге де қолданылады, себебі ол жалпы пайдаланымдағы жолдардағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұрын техникалық байқау операторлары қызметті бастау үшін немесе тоқтату үшін тек хабарлама берсе жеткілікті еді. Алайда жақында заңнамада өзгерістер енгізіліп, енді ресми рұқсат құжатын алу талап етіледі. Мұндай құжатты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көлік бақылау комитетінің аумақтық органдары

Техникалық байқау жүргізуге рұқсат алу әлдеқайда жеңілдеді: операторларға рұқсат беру құжатын ресімдеу қызметі енді толықтай автоматтандырылған және elicense.kz порталында қолжетімді. Онлайн өтінім беру жеткілікті.

береді.

Қызметті пайдалану үшін пайдаланушыға:

- elicense.kz порталына кіріп, авторизациядан өтіп, «Көлік» – «Рұқсаттар» бөліміне өту қажет;

- «Техникалық байқау операторының қызметіне рұқсат беру» қызметін таңдап, қажетті деректерді толтыру керек;

- қажетті қызмет түрлерін белгілеу қажет;

- деректерді толтыру керек;

- өтінімді қол қоюдың қолжетімді тәсілдерінің бірімен растау қажет.

Рұқсат алу үшін оператор білім туралы құжатты немесе техникалық байқау маманының сертификатын, жеке куәлігін, жабдық туралы мәліметтерді және ғимараттың ішкі-сыртқы көрінісінен 10 фотосуретті қоса тіркеуі тиіс. Сонымен қатар, таңдалған қызмет түріне байланысты қосымша құжаттар талап етіледі: егер жылжымайтын техникалық байқау желісі ашылса

– көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер; егер стационарлық техникалық байқау желісі ашылса – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер және жылжымайтын мүлікке қатысты құқық белгілейтін құжаттар.

Дайын рұқсат құжаты 8 жұмыс күні ішінде қалыптастырылып, жеке кабинетте рұқсат құжаты түрінде қолжетімді болады.

Қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі арасындағы ынтымақтастық аясында іске қосылды.

Жайна СЕЙДАХМЕТ,
«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ
Корпоративтік коммуникациялар
департаменті.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

ДӘЛ ҚАЗІР МАНСАП
ОРТАЛЫҒЫНА КЕЛҮДІҢ
5 СЕБЕБІ

1. Жұмыс іздеуде тегін көмек

Біз сізге қолайлы жұмыс орындарын таңдаймыз және жұмыс берушілермен байланысуға көмектесеміз.

2. Жеке жұмыспен қамту жоспары

Сіз тәжірибені, дағдыларды және қалаған мамандықты ескере отырып, жеке стратегияны аласыз.

3. Әңгімелесуге дайындық

Біз жұмыс берушілердің типтік сұрақтарын талдаймыз, жауаптарды қайталаймыз, осылайша сіз өзіңізді сенімді сезінесіз.

4. Мемлекет есебінен курстар мен оқыту

Дағдыларды жетілдіріп, жаңа маман-

дықты шығынсыз алыңыз.

5. Әр кезеңде қолдау

Біз жұмысқа шыққанға дейін және одан кейін де сізбен бірге боламыз – бейімделуге көмектесеміз.

Мансап орталығы – бұл жұмыс іздеу туралы ғана емес, бұл сіздің сенімділігіңіз бен дамуыңыз туралы.

Келіңіз – және бүгін жаңа мансапқа алғашқы қадам жасаңыз.

Бізбен қалай байланысуға болады: Мекен-жайымыз: Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А.

Телефон: 2-81-54.

Толығырақ: enbek.kz.

5 мансап
орталығына
келудің
себебі

«ЖАСТАР ТӘЖІРІБЕСІ» -
КӘСІБІ БОЛАШАҚҚА АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

«Жастар практикасы»
«Молодежная практика»



«Жастар тәжірибесі» бағдарламасына қосылыңыз және мансабыңызды қазірден бастаңыз!

Сіз жақында колледжді немесе университетті бітірдіңіз, бірақ жұмыс тәжірибесі жоқ па?

Мамандығы бойынша алғашқы нақты лауазымды алғыңыз келе ме?

Сіз мансапты тәуекелсіз және қолдаусыз бастауды армандайсыз ба?

«Жастар тәжірибесі» бағдарламасы – сіздің кәсіби болашаққа алғашқы қадамыңыз!

Сен не аласың:

* Сіздің аймағыңыздағы ұйымдардағы мамандық бойынша нақты тәжірибе;

* 12 айға дейінгі ақылы жұмыс;

* Түйіндемедегі алғашқы жолдар;

* Жұмыс берушіде одан әрі жұмысқа

орналау мүмкіндігі.

- Кім қатыса алады:

* 35 жасқа дейінгі жастар;

* 5 жыл бұрын бітірген колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектері;

* Мамандық бойынша ресми жұмыс тәжірибесі жоқ.

- Бағдарламаға қатысу тегін. Еңбекке ақы төлеу мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

- Өз мүмкіндігіңізді жіберіп алмаңыз – мансапты бүгін мемлекеттің қолдауымен бастаңыз!

Мансап орталығына хабарласыңыз, біздің мекен жайымыз: Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А. Телефон: 2-81-54.

ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

КӨШІ-ҚОН БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТКЕ ЖҮГІНУ ҚАЖЕТ

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімі хабарлайды: ҚР азаматтығына қабылдау туралы өтініштерді ресімдеу, ҚР азаматтығын қалпына келтіру, азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту, ҚР азаматтығына тиесілігін анықтау,

шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсат беру, ықтиярқат құжаттарын ресімдеу, ҚР-нан тыс жерге тұрақты тұруға шығу құжаттарын ресімдеу және дактилоскопиядан өту мәселелері бойынша

Солтүстік Қазақстан облысы полиция департаментінің көші-қон қызметі басқармасына жүгіну қажет.

Мекен жайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Жамбыл Жабаев көшесі, 71А.

Аудандық полиция бөлімі.

Директор – бас редактор
Неля ГОЙЧАР
Газеттің меншік иесі:
«Газета «Весты» ЖШС»

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баия көшесі, 13 үй.
Тел: 2-17-49.
Басылым индексі 65360
e-mail: magzhan.zhulidzi@yandex.kz

Газет антасына
1 рет бейсенбі күні
шығады.
Жазылу индексі – 65360

«Magjan Jyldyz» газеті
редакцияда терісін беттеді.
«Северный Казахстан»
баспасына басылды.
(Петропавл қ., Коммунал қ-сі, 5 үй).
Таразысы – 600

Газет аудан әкімінің, аудандық
мәжілістің тапсырысы бойынша
пайдаланылады және газеттер арқылы
мемлекеттік акпараттық саясатты
жүргізудің ресми басылым болып
табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғармасы білдірмейді. Редакцияға жолданған қолажабалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады